

Қазақстан Республикасында Тіл саясатын жүзеге асыру

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды" деп белгіленген. Сондай-ақ, 93-бабында "Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті"[1] деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» [2] - деп, алдағы уақытта қазақ тілінің мәртебесі артатыны туралы жариялады.

Қазақстан Республикасының басты ұлттық саясаты – қоғамдағы барлық этностардың толықтай құқығы мен бостандығын сақтай отырып, байырғы ұлтқа негізделген жоғары әлеуетті қоғам құру. Тәуелсіз мемлекетіміз құрылғалы бері еліміздің ішкі саясаттағы ең басты бағыттарының бірі – халықаралық деңгейдегі достық пен өзара сыйластық және ұлтаралық келісімді нығайту. Ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін, халықтар достығы мен бірлігін нығайту үшін елімізде барлық жағдай жасалған.

Еліміз егемендігімізге қол жеткізген күннен бастап, Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы күнге дейін халықтар достығы мен ұлтаралық татулыққа ерекше назар аударып келеді. Осы жылдар ішінде Алатаудан бастап Арқа асқан, Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан ғайыр қазақ жерінде бейбітшілік пен саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім берік орнады. Қазақ даласының кең байтақ төсінде сан ұлттың баласы өсіп-өніп, өркендеп келеді. Еркіндік, бірлік, тұрақтылық – міне, мұның барлығы мемлекетіміздің ұлттық саясатының нәтижесі.

Ұлттық саясаттың басты ұстанымы – ұлттық құндылықтар негізінде қазақ елінің экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігін, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жердің біртұтастығын мәңгі сақтау, жер мен жер қойнауы байлығын (ұлттық байлығын) тек халық игілігіне жұмсау, халықтың әлеуметтік жағдайын үнемі жақсарту.

Қазақстанның ұлттық саясатының бір тағылымы – мәдени плюрализм: әрбір этностық топтарға өз мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға жағдай туғызу. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 19-бабының 2-тармағында «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқы бар» делінген [1]. Елімізді мекендеген этностардың барлығында этномәдени бірлестіктер құрылған. Қазір

Қазақстанда басқа ұлттар тілінде мектептер де ашылып, ұлттық театрлары да жұмыс істеуде.

Ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі – тіл саласы. Тұрақты даму – қазіргі әлемдегі қоғамдық процестердің ұтымды жүруінің негізгі өлшемі. Тұрақты дамудың алғы шарттарының бірі – ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы. Көп ұлтты мемлекетте этностардың жарасты өмір сүруіне, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің сақталуына тіл саясаты ықпал етеді. Тілдік саясат тарихи тамырын сақтағысы келетін әрбір тіл мен адамның құқығын қорғауға негізделеді. Біздің қоғамымыздағы әрбір адамның өз ұлтының тілін сақтай отырып, басқа тілді үйренуіне барлық мүмкіндігі бар.

Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, болашақ ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Әр халықтың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады. Ұлт пен ұлтты бір-біріне деген сыйластық, сенім және салт-дәстүріне көрсетілетін құрмет жақындастырады. Соңғы жылдары әр түрлі этностардың мәдени бірлестіктері де өз тілдері мен салт-дәстүрлерін жаңғыртумен қатар, мемлекеттік тілді де меңгере бастады. Адам тілді үйреніп, білген сайын өзге ұлттардың жан-дүниесін түсіне бастайды. Халқымыз «Ел мәдениеті тілден басталады» дейді.

Ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, тілдерді дамыту, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру – тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек.

Еліміздің тіл саясаты оның ішіндегі қазақ тілінің өркендеуі тіл мәселесінің басқа елдермен салыстырғанда қоғам бірлігін бұзбай, өркениетті түрде жүргізілуі – Тұңғыш Президентіміздің ерен еңбегінің жемісі.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту жөнінде арнайы қабылданған мемлекеттік бағдарлама бар. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген) нақты шаралар қолға алынды.

Бұл бағдарлама әкімшілік, білім беру, қызмет бойынша жоғарылау, қызмет көрсету және басқа да өмірдің әр түрлі салаларына арналған бірнеше арнайы және жеке бөліктерді қамтиды. Бағдарламаны жүзеге асырудың үш кезеңі бар. Бірінші кезең – 2011-2013 жылдар, екінші кезең – 2014-2016 жылдар және үшінші кезең – 2017-2025 жылдарды қамтиды. Нәтижесінде мемлекеттік тілде сөйлейтіндердің көрсеткішін 20 пайыздан 80 пайызға дейін, кейін 95 пайызға жеткізу жоспарланған. Бағдарламаны кезең-кезеңмен іске асыру өз нәтижесін беруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ-ұлттық қасиеттерден қалыптасады!» атты мақаласында аса маңызды үш мемлекеттік бағдарлама атап өтілді. Басты бағдарламалардың бірі – тілдерді дамыту, мемлекеттік тіл мәртебесін одан әрі нығайтудың міндеттері белгіленді. Жолдауда Елбасы «Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық

этностар тілін дамытатын боламыз. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2025 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін» деп жастардың шет тілдерін тереңірек меңгеруіне ерекше көңіл бөлу керек екенін және қазақстандықтардың үш тілді білуінің заман талабына сай екенін нақтылады [2].

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңда: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – деп бекітілген. Сонымен бірге, «Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» – деп көрсетілген [3].

Мемлекеттік тіл мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі неғұрлым маңызды функцияларды атқаратын, осы мемлекеттің барлық заң актілері қабылданатын тіл. Бұл – ресми іс-шараларда, қызметтік хат, хабарда, іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын міндетті тіл. Мемлекеттік тілде барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар, Қарулы күштер жұмыс істейді.

Президент өз сұхбатында «Ең алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс. Осы 17 жылдың ішінде ол өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқығына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл – парыз, адамдық парыз. Перзенттік парыз. Қазақ елі бар да қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Мен «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзімді қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым» деп ашылып айтты [2]. Қоғамның толыққанды мүшесі болғандықтан әрбір азамат мемлекеттік тілді білуі тиіс. Қоғамымыздың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жақтан да жаңғыруына, дамуына сәйкес, ана тіліміздің қоғамдық, әлеуметтік, мәдени қолданыс өрісінің кеңеюіне байланысты сөйлеу мәдениетін арттыру, сөздерді әдеби норма талаптарына сай қолдану, дұрыс жазу, сөйлеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлудің қажеттігі айқын болып отыр. Мемлекеттік ұлттық саясат қазақ тілін дамытуға, оның жүзден астам этносты біріктіріп, ұйыстырушы ролін күшейтуге бағытталған. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың «Тілі жоғалған ұлттың өзі жоғалады» [4,35] дегені көп ойларға жетелейді. Тәрбие негізі отбасынан, балалар бақшасы мен мектептердегі терең тәлімнен қаланады.

Қоғамдық құрылымның сипатына қарай тіл саясатын демократиялық және антидемократиялық, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деп бөлінеді. Демократиялық бағыттағы саясат ұстанған ел әр этностың ана тілін дамытуына қолайлы жағдай туғызады. Ал кертартпа саясатқа бой алдырған

елде айналдырған бір-екі тілдің ғана дамуына мүмкіншілік жасалып, қалғандары іс жүзінде шектеліп, шағын этностардың ана тілінің жойылуына әкеліп соғады. Рухани жаңғыруға нұқсан келтіретін ұлтаралық кикілжіңдердің туындауына әсерін тигізетін басты факторлардың бірі де сол. Кезінде посттоталитарлы қоғамдарда ұлттық сана-сезімнің оянып өсуіне байланысты ұлттық тілдер мен орыс тілінің әр егеменді республикадағы орны жайлы өзекті мәселе де туындады. Осыдан он жыл бұрын 66 Қазақстанның әлеуметтік дамуындағы тіл саясатының маңызы жқнінде жүргізілген әлеуметтік зерттеулерден мынадай көрсеткіштерді байқаймыз: - қазақ тілінде сөйлейтін қазақтар – 86,3 %; - қазақша оқып, жаза алатын қазақтар – 89,1 %; - қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағы тіпті аз, ал керісінше, орыс тілінде сөйлейтін халықтың үлес салмағы – 96,2 %.

Бұл зерттеулерден Қазақстандағы екі үлкен ұлт – орыстар мен қазақтар үшін тілі мен мәдениетін, ұлттық ерекшелігін жоғалту қаупі жоқ екенін көргенімізбен, еліміздегі шағын этностардың бұл тұрғыдағы жай күйін бағдарлай алмаймыз. Мұндай мәселенің жай-күйін зерттеуші Б. Хасанұлы республикадағы этнос тілдерін сөйлеушісінің саны мен атқарып келе жатқан қоғамдық қызметінің көлеміне қарай шартты түрде үш топқа бөлді: а) қоғамдық қызметінің ауқымы кең тілдер; ә) қоғамдық қызметінің ауқымы тар тілдер; б) қоғамдық қызметі нашар дамыған тілдер. Алғашқы топқа: қазақ, орыс тілдері; ортаңғы топқа: ұйғыр, дүнген, корей, өзбек, тәжік, украин т.б. тілдер; соңғы топқа: сөйлеушісі саусақпен санарлық, жанұя көлемінде қолданылатын рутул, цахур, долган, манси, эвен, караим, удин сияқты тілдер жатады. Тілдерді дамыту – дүниежүзілік гуманитарлы мәселелердің де бел ортасындағы жалпы адамзаттық міндет.

1948 жылдың 10-шы желтоқсанда БҰҰ қабылдаған жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясының 1-ші бабы, 3-ші тармағы бойынша мемлекеттер адам құқығы мен олардың негізгі бостандығын нәсіл, жыныс, тіл және дін өзгешеліктеріне қарамастан құрметтеуге, дамыту мен қолдауға міндетті. Мұндай қағида Ата Заңымыздан да көрініс тапқан. Ал Тіл туралы Заңға сәйкес азаматтарға мемлекет тарапынан өз ана тілін немесе басқа тілдерді таңдауына ерік берілген. Сондай-ақ, Қазақстандағы халықтардың өз тілдерін зерттеуге және дамытуға ықпал жасалып отыр. Республикамыз көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, әр тіл өзінің сөйлеушісіне қымбат және әр тілдің әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде алатын орны да ерекше. Бірақ көпұлтты қоғамда қатынас ретінде олар тең құқықты бола алмайды, және тілдердің қоғамдық қызметін теңестірудің, теңестіремін деп арамтер болудың қисынсыз екенін де ұмытпағанымыз жөн. Оның есесіне Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында.

Жалпы, Қазақстанның Тіл туралы Заңын тіл саясатын демократияландырудағы жасалған басты қадам деп айтуымызға болады. Оның тек саны көп немесе жергілікті ұлт үшін ғана емес, республикамызды мекендейтін барлық этникалық топтар мен ұлыстардың өмірінде саяси-экономикалық, мәдени және әлеуметтік мәні жоғары. Мұның маңыздылығы, ең алдымен, тіл мәселесінің демократия тұрғысынан шешіліп, тіл құқығын қалыптастыру болса,

екіншіден, көпұлтты қоғамдағы әрбір ұлттың және олардың мәдениетінің сақталып, өркендеуіне, сондай-ақ ұлт тілдерінің белсенділігін арттырып, қолданыс табуында. Бұл тұрғыда аталған заң барлық тілдердің бірдей дамып, қызмет етіп, қолданыс табуын жүктейді: «Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негізін, мемлекетті оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Ұзақ жылдар бойы тілге анықтама берілгенде көбіне оны «қатынас құралы» ретінде танып келгенбіз. Бұл көзқарас әлі де толық өзгере қойған жоқ, өйткені оған деген сұраныс қатынас жасауға жарамдылығына байланысты артатынын қоғамдағы жағдайдан көріп отырмыз. Дегенмен, әр ұлт тілінде өзінің байырғы тұрмыс-тіршілігі, өмір-тарихы, арман-тілегі, мақсат-мұраты, дүниеге көзқарасы т.б. туралы барша ақпараттардың сақталатынын ескерсек, оған тек қана «құрал» деп қарай алмаймыз. Еңбек өнімділігіне қарай құралды ауыстыруға болады, ал тілді ауыстыруға жол жоқ. Әр адам сүйініші мен күйінішінен тұратын барша сезімін, айтқысы келген ішкі тілегін туған тілі арқылы ғана толық жеткізетін болғандықтан, оны жан әлемімен сүйеді, қорғайды, суығына тоңып, ыстығына күйеді. Бұл тұрғыдан алғанда тіл тек «қатынас құралы» ғана емес, қазіргі кезде жиі айтылып жүргендей «ұлттың жаны» деген анықтамаға көбірек иланамыз.

Қазіргі қазақ тілі туралы сөз қозғағанда оның бойынан екі нәрсе көрінеді: біріншіден, жалпы ұлттың тілі арқылы жеткен рухани кеңістік және ердің құнын екі ауыз сөзге сыйдырған шешендік пен көсемдік, яғни сөзге тоқтаған ұлттық тектілік. Екіншіден, унитарлық мемлекетке тән мемлекеттік тіл қызметі. Қоғамдық құрылыстың өзгеруіне байланысты қазіргі таңда бұлардың алғашқысы өз қызметінің елеулі бөлігін кейінгісіне берген, алайда ресми түре солай болғанмен, ел бірлігі мен біртұтастығының кепілі ретінде тілдің байырғы ерекшелігі өзінің әуелгі миссиясын орындап келеді. Тұрмыстық қатынастар, ағайынгершілік, азаматтардың бір-біріне құрметі секілді игі дәстүрлерді жүзеге асыру қабілеті – тіл бойындағы байырғы қасиет. Қасиет дейтініміз тілдің халықты ұйыстырушылық мүмкіндігі осы ерекшелігінде сақталады.

Кеңестік деп аталатын біртұтас ұлт жасауға негізделген саяси жүйе ұлттық тілдің дамуына түрлі тосқауылдар қойғанда осы шындыққа көбірек назар аударса керек. Әсіресе өткен ғасырда ұлттық тіл өте күрделі кезеңдерді басынан кешірді. Тіл білімінің білгірі Б.Хасановтың зерттеулеріне сүйенсек, 30-шы жылдардың екінші жартысынан бастап ұлт тілдерінің дамуын тежеу механизмдерінің қалыптасқаны айтылады. Ғалым халық санағы мәліметтеріне сүйене отырып, 1926-1989 жылдар аралығында жалпы алғанда жыл сайын 3792 қазақ ана тілімен қош айтысып отырған деген болжам жасайды [5] Қазақ мектептері тың игеру жылдары жүздеп жабылды. Қалалық жерлерде қазақ балалары негізінен орыс тілінде оқыды. Осыған қарамастан сол тұстағы саяси ұстаным мен тіл өміршеңдігінің ара салмағын сараласақ, оның қалыптасуы мен дамуы қандай ұзақ дәуірлерді қамтыса, жойылуы бір күнде бола салмайтынын шамалаймыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптен қордаланған мәселелер күн тәртібіне шықты. Оның көпшілігі күрделі жағдайда еді. Санаға сіңірілген дағдыдан бірден арыла алмай не көз алдына елестету мүмкін емес жаңа қоғамның келбеті қалай болатынын болжай алмай, белгілі жағдайда ел ішінде дағдарыстың көрініс бергені рас еді сол тұста. Әкімшілік басқару жүйесінің қалалық жерлерде орналасуы, ал ол ортада жергілікті ұлт өкілдері санының аздығы немесе елдің белгілі бір аймақтарында өзге ұлт өкілдерінің көп шоғырлануы тіл саясатындағы баршаға қолайлы қазақстандық үлгінің дүниеге келуіне ықпал етті. Тәуелсіздік жылдарындағы тілдердің даму барысына көз салғанда сол талап үдесінен шыға алғанымызды көруге болады.

Қоғамдық сана мен қалыптасып отырған жағдай қажетті заңды өзі тудырады, ал құжаттың дайындалуы кезінде жалпыға ортақ қажеттіліктер дұрыс қамтылмаса, ол орындалмауы немесе құқықтық мәнін жойып алуы мүмкін. Тәуелсіздіктің ширек ғасырдан асып бара жатқан тұсында да бұл құжаттың белсенді қолданысы әуел бастағы алдыға қойылған мақсаттың айқындығы мен стратегиялық болжамның дәлдігінен болса керек. Сонымен қатар «Тіл туралы» Заңның орындалуын бақылаушы тетіктер де қалыптасқан, олар бақылаумен қатар тілдердің әрі қарайға даму бағыттарын да айқындап, тиісті ұсыныстар енгізіп отырады.

Құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген Қазақстандағы тіл мәселесі тіл саясатының негізгі бағдары екені рас. Осы Заңның басты ерекшелігі ретінде оның әмбебаптық принциптері мен мазмұнын атауға болады. Біріншіден, көпұлтты мемлекет ретіндегі жағдайымызға лайықталған. Қазіргі кезде қоғамдағы басымдыққа ие болып отырған орыс тілі мен қазақ тілінің қайсысына сұраныс артса, Заң сол тілдің қолданысының артуына мүмкіндік жасайды. Бұл Тәуелсіз елдің алыс болашаққа жасалған стратегиялық жоспарының бір тұсы, өйткені жыл өткен сайын арта түсетін демография мен көші-қон жағдайы алдыға қойылған мақсатқа бейбіт жағдайда жетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамызда қабылданған; (2001, 2008, 2011 өзгерістер мен толықтырулар)
2. Тоқаев Қасым-Жомарт: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне пайдалану // Егемен Қазақстан 2020 12.04.
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 1997 жыл, 11 шілде. Алматы, 2012 ж. -29 бет
4. Байтұрсынов А. Шығармалары – Алматы: «Жазушы», 2002. – 329 бет.
5. Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: «Жазушы», 1992. – 272 бет.